«Корпорация АҚ ордасы» ЖШС

Заңды мекен-жайы: ҚР, Түркістан обл. Түлкібас ауданы, 161311, Састөбе пос., 1 мамыр көшесі, 7 үй, 2 пәтер
Нақты мекен - жайы: ҚР, 160050 Шымкент қ., Қаратау ауданы Асар - 2 ш/а, 588 А ғимараты

ТОО «Корпорация АҚ ордасы»

Юридический адрес: РК, Туркестанская обл., Тюлькубасский р/н, 161311, пос. Састобе, ул. 1 мамыр, дом 7, кв. 2
Фактический адрес: РК, 160050 г. Шымкент, район Каратау, мкр. Асар - 2, здания 588 А

БСН – 060340003659

БИН – 060340003659

«15» маусым 2019 ж.

Шымкент қаласы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит департаменті

«Корпорация АҚ ордасы» ЖШС-гі "Шымкент қаласының құрылыс басқармасы" ММ-нің ұйымдастыруымен өткен «3325469-1. «Шымкент қаласының ӘІО-да 9 қабатты 56 пәтерлі тұрғын үйлерді салу, сыртқы инженерлік желілерсіз (8 үйге жобаның қайта қолданулуы). №46, №47, №48 тұрғын үйлер» электронды конкурсына әлеуетті өнім беруші ретінде қатысқан болатын. Алайда 13.06.2019 жылы (17:11:42) №3095500 санды қорытынды хаттамасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Корпорация АҚ ордасы» ЖШС-гін «Мемлекеттік сатып алу заңының» (әрі қарай - Заң) 6 бабының 1 тармағының 8 тармақшасына сілтеме жасай отырып, ЖК Хасравшина Вера Петровнаға 9 590 840,08 теңге берешегі бар және ол Борышкерлердің бірыңғай тізімінде тұр деген себепен шеттеткен. Бұл тізімге қорытынды жарияланудан бір күн алдын түскен болатын және ол шектеу бүгінгі таңда өз күшін тоқтатқан. Аталған заңның 24 бабына сәйкес құжаттама толығымен және дұрыс тапсырылған болатын. Осы заңның 27 бабының 8 тармағына сәйкес;

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қайтадан қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті өнім берушілердің қайтадан ұсыну мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданады және есептейді.. яғни алдын ала рұқсат беру хаттамасын қабылдау күні 30.05.2019 жылы аяқталған және қорытынды хаттама 6 немесе 7 маусым күндері жариялану керек еді деп санаймын.

Егер ұйымдастырушы осы бапта көрсетілген мерзімді пайдаланып конкурс нәтижесін жариялағанда «Корпорация АҚ ордасы» ЖШС-де ешқандай да шектеу болмас еді.

Сол себепті ұйымдастырушы тарапынан өрескел құқық бұзушылық болды деп және «Корпорация АҚ ордасы» ЖШС-н заңсыз шеттетті деп есептейміз. Осыған орай өз тарапыңыздан әділ де заңды шешім қабылдануына ықпал етуіңізді сұраймын.

«Корпорация АҚ ордасы» ЖШС-нің
Бас директоры **Калыбеков С.Ж.**

Орындаушы
Жумадилов Т.Б.
8-701-977-01-71